

**6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша  
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған Шанкулов  
Ерлан Тулеубаевичтың «Заманауи волейболдағы жылдық  
макроциклдің әртүрлі кезеңдерінде атлетикалық даярлықты  
жоспарлау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық  
жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

| №<br>р/р | Критериялар   | Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірі таңдалу керек)  | Ресми рецензенттің ұстанымы   |
|----------|---|---|---|
| 1.       | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы). | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br><br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) | Диссертация тақырыбы ғылым дамуының келесідей басыңқы бағыттарына сай келеді:<br>«Заманауи волейболдағы жылдық макроциклдің әртүрлі кезеңдерінде атлетикалық даярлықты жоспарлау ерекшеліктері».<br><br>«Қазақстан Республикасының дене шынықтыруды және спортты дамыту Концепциясын 2025 жылға дейін бекіту туралы» қаулысында айқындалған міндеттерді іске асыруға бағытталған.                       |
| 2.       | Ғылымға маңыздылығы   | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы <u>ашылған</u> /ашылмаған  | Алғаш рет волейболға қатысты спорттағы атлетикалық даярлық ұғымы теориялық тұрғыдан негізделген. Жоғары білікті командаларда жылдық макроциклдегі жарыстық қызметтің тұрақты тиімділігін қамтамасыз ететін жаттығу жүктемесін жоспарлаудың ұтымдылығы эксперименталды түрде дәлелденді.<br>Заманауи волейболшылар мен командаларды даярлауда атлетикалық жүктеме көлемін арттыру қажеттілігі анықталды. |
| 3.       | Дербестік қағидасы  | Дербестік деңгейі:<br>1) <u>жоғары</u><br>2) орташа;  | Е.Т. Шанкулов зерттеу жүргізу барысында тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау  |

|    |                      |  |   |
|----|----------------------|--|---|
|    |                      | 3) төмен ;<br>4) дербестік жоқ   | жасаған, алдын-ала және қалыптастырушы педагогикалық экспериментті ұйымдастырып, жүргізген. Сонымен қатар, ол диссертацияның әрбір бөлімі мен жалпы мазмұны бойынша тұжырымдама жүргізіп, қорытынды жасаған. Атлетикалық даярлықты жоспарлауды жүзеге асыру кезінде жаттықтырушыларға сауалнама жүргізу мен нұсқау берген, плайометриялық жаттығу әдістемесін әзірлеу мен оның іске асырылуына бақылау жүргізген. |
| 4. | Ішкі бірлік қағидасы | 4.1 Диссертация өзектілігінің негізделгендігі:<br>1) <u>негізделген</u><br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген                   | Басымдылықтың біліктілігі жоғары волейболшыларды даярлаудың атлетикалық бағытына қарай ауысуы және осы негізде жаттығу-жарыс іс-әрекетінің жылдық макроциклінде ойыншыларды атлетикалық жетілдіру процесін жоспарлаудың өзгеруі.  |
|    |                      | 4.2 Диссертация мазмұнында диссертация тақырыбының айқындалғандығы:<br>1) <u>айқындайды</u><br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертацияның жалпылама мәні волейболдан жоғары білікті командалардың атлетикалық даярлығын жылдық жоспарлаудың негізгі теориялық және кезеңдер мен мезоциклдер бойынша жоспарлаудың екі тәсілі қолданылатын әдістемелік салаларының мәнін ашады.  |
|    |                      | 4.3 Мақсат-міндеттердің диссертация тақырыбына сәйкестігі:<br>1) <u>сәйкес келеді</u><br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Тақырып бойынша зерттеу міндеттері бір-бірімен қисынды байланыс тапқан және зерттеу мақсатынан туындаған міндеттерді шешуге бағытталған. Зерттеу мақсаты нақты қойылып, жаттығу жүктемесін жоспарлау мен бақылаудың біліктілігі жоғары волейболшылардың жылдық макроциклдегі жарыс қызметі тиімділігіне әсерін зерттеуге бағытталған.   |
|    |                      | 4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері  | Диссертация бойынша бірінші, екінші, үшінші, және төртінші қорғалатын ережелер үшінші – «Біліктілігі жоғары   |

|    |                            |   |  |
|----|----------------------------|---|--|
|    |                            | <p>мен құрылысы логикалық тұрғыда байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ;</p>   | <p>волейболшылардың атлетикалық даярлығына эксперименталды негіздеме беру» бөлімінде жүзеге асырылған.</p>   |
|    |                            | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау жоқ</u>;</p> <p>2) ішінара сыни талданған;</p> <p>3) талдау өз пікірлерінен емес, басқа авторлардың цитатасынан құралған</p> | <p>Ізденуші қол жеткізген ғылыми нәтижелер бұрынғы зеттеулердегі ұқсас нәтижелермен салыстырылған (3.2 бөлімше)</p>  |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық қағидасы | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</p>   | <p>Алғашқы ереже мен нәтиже жаңа болып табылады, өйткені олар волейболға қатысты атлетикалық даярлық терминін қолдану ойыншылар мен командалардың дене даярлығын арттыруға бағытталған жаттығу үрдісінің теориялық және практикалық мәнін дәлірек көрсетуге және осы спорт түріндегі қимыл белсенділігінің ерекшеліктерін атап көрсетуге мүмкіндік береді.</p> <p>Екінші нәтиже мен ереже ішінара жаңа болып табылады, себебі волейболдан жоғары білікті командалардың жаттығу үрдісін ұтымды бағдарламалауға мүмкіндік береді.</p> <p>Үшінші ереже мен нәтиже жаңалық болып табылады, өйткені</p> |

|  |  |  |   |
|--|--|--|---|
|  |  |  | <p>шапшаңдықты-күшті дене қасиетін дамыту мен жетілдіруге арналған плайометрия әдісін мақсатты пайдалану атлетикалық даярлық үрдісін ұтымды жоспарлауға мүмкіндік береді. Төртінші ереже мен нәтиже жаңа болып табылады. Эксперименталды түрде айқындалған нәтижелер негізінде жоспарланған жалпы дене, арнайы дене және шапшаңдықты-күшті жүктеме көлемдері жоғары білікті командалардың ойын жарыс қызметі тиімділігінің қажетті деңгейін ұстап тұруға ықпал етеді.</p>   |
|  |  | <p>5.2<br/>Диссертацияның қортындылары жаңа болып табыла ма?<br/>1) толығымен жаңа;<br/>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u><br/>3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</p>                                      | <p>Екінші қорытынды жартылай жаңа. Бірінші, үшінші және қорытындылар жаңа.</p>  |
|  |  | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br/>1) толығымен жаңа;<br/>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u><br/>3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</p> | <p>Бірінші нәтиже бойына шешім жаңа. Автор алғаш рет волейболға қатысты спорттағы атлетикалық даярлық ұғымына теориялық тұрғыдан негіздеме берген. Екінші нәтиже бойынша шешім жартылай жаңа. Ізденуші жоғары білікті командаларда жылдық макроциклдегі жарыстық қызметтің тұрақты тиімділігін қамтамасыз ететін жаттығу жүктемесін жоспарлаудың ұтымдылығы эксперименталды түрде дәлелдеді. Үшінші нәтиже бойынша шешім жаңа. Ізденуші біліктілігі жоғары волейболшылардың жоғары шапшаңдықты-күшті дене қасиеттерін</p> |

|    |  |   |   |
|----|--|---|---|
|    |  |   | <p>(секіру және секіру төзімділігі) арттыру үшін плайометриялық жаттығуларды қолданудың жоғары тиімділігі дәлелденді.</p> <p>Төртінші нәтиже бойынша шешім жаңа. Ізденуші біліктілігі жоғары волейболшылардың жоғары шапшаңдықты-күшті дене қасиеттерін (секіру және секіру төзімділігі) арттыру үшін плайометриялық жаттығуларды қолданудың жоғары тиімділігі дәлелденді.</p>  |
| 6. | Негізгі қортындылардың негізделгендігі   | <p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми құндылығы бар дәлелдерге негізделген <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research, өнер тану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> | <p>Бірінші қорытынды тақырып бойынша волейболшыларды даярлау заманауи волейболдың талаптарына сәйкес келуге мүмкіндік беретін атлетизм деңгейін арттыруға және жетілдіруге назар аударылғаны айқындалды.</p> <p>Екінші қорытынды волейболдан жаттықтырушылар секіру мен секіруге төзімділігін сақтауға ерекше назар аударуына негізделген. құжаттамалық материалдарды талдау негізінде жасалған.</p> <p>Үшінші қорытынды волейболдан атлетикалық даярлықтың жалпы, арнайы және секіру сияқты барлық түрлері бойынша жоспарланған және іске асырылған жүктеменің өзгермелі динамикасын көрсетті.</p> <p>Төртінші қорытынды барлық жарыстық мезоциклдер бойы жоспарланған жүктеме көлемін біркелкі бөлу: атлетикалық даярлықты, функционалдық жұмысқа білеттілікті және ойын іс-қимылдарының тиімділігін базалық мезоциклде қол жеткізілген деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік беретіндігін айқындады.</p> |
| 7. | Қорғауға шығарылатын, негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p>   | <p>7.1 Барлық қорғалатын ережелер дұрыс қойылған міндеттерді, олар шешілетін бөлімдерді және диссертация бойынша тұжырымдалған қорытындыларды</p>   |

|  |  |  |   |
|--|--|--|---|
|  |  | <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br/> 1) <u>дәлелденді</u><br/> 2) дәлелденді деуге болады;<br/> 3) дәлелденбеді деуге болады;<br/> 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиальды ма?<br/> 1) иә<br/> 2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?<br/> 1) <u>иә</u>;<br/> 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:<br/> 1) тар;<br/> 2) орташа;<br/> 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br/> 1) <u>иә</u>;<br/> 2) жок</p> | <p>логикалық жүзеге асыру арқылы дәлелденген.</p> <p>7.2 Қорғалатын барлық ғылыми ережелер зерттеу әдістерін дұрыс таңдау арқылы және осыған ұқсас бұрынғы зерттеулерден ерекшелігінің болуымен ғылыми дәлелді құрастырылған.</p> <p>7.3 Қорғалатын төрт ереженің екіншісі ішінара жаңа, ал біріншісі, үшіншісі, төртіншісі жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қорғалатын ережелерді қолдану аясы нақты болып табылады. Оларды Қазақстан Республикасының ұлттық және жоғары лигасы командаларының оқу-жаттығу үрдісіне болады. Біліктілігі жоғары мамандар мен жаттықтырушыларды даярлау кезіндегі білім беру барысында да қолдануға болады.</p> <p>7.5 Бірінші қорғалатын ереже келесі мақалаларда баяндалған:<br/> 1. Шанкулов Е.Т., Андрущишин И.Ф., Малдыбаев Р.О., Молдахан К. Планирование атлетической подготовки в годичном макроцикле у команд высокой квалификации по волейболу. ISSN 2306-5540. - №3 (57). - 2019. - С. 152-157.<br/> 2. Шанкулов Е.Т., Андрущишин И.Ф., Гераськин А.А., Денисенко Ю.П. Атлетическая подготовка в современном волейболе // В журнале БУ ВО Ханты-Мансийского автономного округа-юргы. XVII Всероссийской научно-практической конференции с международным участием Совершенствование системы физического воспитания, спортивной тренировки, туризма и оздоровления различных категорий населения. 2018 года. г. Сургут: СГУ, 2018. –С. 306-309.<br/> Екінші қорғалатын ережелер келесі мақалаларда баяндалған:</p> |
|--|--|--|---|

|    |   |  |   |
|----|---|--|---|
|    |   |  | <p>1. Андрущишин И.Ф., Кефер Н.Э., Шанкулов Е.Т., Андреюшкин И.Л., Ерменова Б.О. Оптимизация физической подготовки юных волейболисток разных игровых амплуа с учетом их физического и функционального развития. ISSN 2306-5540. - №1 (47). - 2017. – С. 59-64.<br/>         Үшінші және төртінші қорғалатын ережелер келесі мақалаларда баяндалған:</p> <p>2. Шанкулов Е.Т., Андрущишин И.Ф., Кефер Н.Э. Эффективность дифференцированной физической подготовки юных волейболисток. ISSN 2306 - 5540. - №3 (49). - 2017. - С. 88-92.</p> <p>3. Шанкулов Е.Т., Андрущишин И.Ф. Планирование атлетической подготовки в современном волейболе // В журнале Министерства спорта Российской Федерации ФГБОУВО «Волгоградская государственная академия физической культуры». I Всероссийская с международным участием научно-практическая конференция Современные проблемы подготовки спортивного резерва: перспективы и пути решения. 6-7 декабря 2018 года. г. Волгоград: – С. 168-172.</p> |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>иә</u><br/>         2) <u>жоқ</u></p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы</p> | <p>Тақырып бойынша диссертацияның екінші бөлімінде ізденуші зерттеу идеясын, оның сәйкес логикасын, зерттеудің дұрыс әдістерін тандауды негіздейді.</p> <p>Бірінші нәтижені алу кезінде тақырып бойынша мазмұнды талдау әдісі қолданылған. Екінші нәтиже заманауи волейболдан жоғары білікті командалардың атлетикалық даярлығын жоспарлаудың ерекшелігі мен</p>  |

|  |  |   |   |
|--|--|---|---|
|  |  | <p>ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br/> <u>1) иә</u><br/> 2) жоқ</p>   | <p>динамикалық салаларын анықтау арқылы алынды. Үшінші нәтижені алу үшін біліктілігі жоғары волейболшылардың шапшаңдықты-күшті дене қасиеттерін дамыту мен жетілдіру әдістерін қолдану негізінде жылдық макроциклдегі атлетикалық даярлауды жоспарлаудың тәжірибелік нұсқаларын анықтау. Төртінші нәтижеге қол жеткізу барысында біліктілігі жоғары волейболшылардың атлетикалық даярлығын неғұрлым тиімді жоспарлау мен оларға педагогикалық бақылау жүргізуге тәжірибелік тұрғыдан негіздеме беру арқылы қол жеткізілген.</p> |
|  |  | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен <u>дәлелденген және расталған</u> (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br/> <u>1) иә</u><br/> 2) жоқ</p> | <p>Зерттеу логикасына сай ізденуші алдымен анықтаушы эксперимент жүргізеді, одан соң атлетикалық даярлықтың теориялық және практикалық негіздерін зерделеуге және оны біліктілігі жоғары волейболшылар командаларында жоспарлауға, сондай-ақ оларды іс-жүзінде жүзеге асыруға бағытталған алдын-ала және негізгі қалыптастырушы эксперименттерді жүргізудің бағдарламалары мен әдістерін әзірледі.</p>  |
|  |  | <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен</p>  | <p>Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған нәтижелер бұрын жүргізілген зерттеулердегі ұқсас мәліметтермен салыстырылды. Ізденуші тандап алған әдебиет заманауи және қарастырылатын мәселе бағытына сәйкес келеді.</p>   |



|   |                                     |   |  |
|---|-------------------------------------|---|--|
|   |                                     | <p><u>расталған/ішінара</u><br/>расталған/<br/>актуалды және<br/>дәлелді ғылыми<br/>әдебиеттерге<br/>сілтемелермен<br/>расталмаған</p>  |  |
|   |                                     | <p>8.5 Пайдаланылған<br/>әдебиеттер тізімі<br/>әдеби шолуға<br/><u>жеткілікті/әдебиет</u><br/>ке шолу үшін<br/>жеткіліксіз</p>  | <p>Диссертация бойынша әдебиеттерге<br/>шолу барысында ғылыми және ғылыми-<br/>әдістемелік әдебиеттердің жеткілікті<br/>мөлшері пайдаланылған (144), бұл<br/>зерттелетін мәселеге жан-жақты<br/>сипаттама берілгендігін айқындайды.</p>  |
| 9 | Практикалық<br>құндылық<br>қағидаты | <p>9.1<br/>Диссертацияның<br/>теориялық маңызы<br/>бар:<br/><u>1) иә</u><br/>2) жоқ</p>   | <p>Теориялық тұрғыдан алғанда<br/>диссертацияның маңыздылығы - алғаш<br/>рет волейболға қатысты спорттағы<br/>атлетикалық даярлық ұғымына<br/>теориялық тұрғыдан негіздеме берілді.</p>  |
|   |                                     | <p>9.2<br/>Диссертацияның<br/>практикалық<br/>маңызы бар және<br/>алынған<br/>нәтижелерді<br/>практикада<br/>қолдану мүмкіндігі<br/>жоғары:<br/><u>1) иә</u><br/>2) жоқ</p>   | <p>Зерттеудің практикалық маңыздылығы<br/>алынған материалдарды волейболдан<br/>заманауи жоғары білікті командалардың<br/>жаттығу-жарыстық қызметінде де,<br/>біліктілігі жоғары мамандар мен<br/>жаттықтырушыларды даярлау кезіндегі<br/>білім беру барысында да қолданудан<br/>тұрады.</p>   |
|   |                                     | <p>9.3 Практикалық<br/>ұсыныстар жаңа<br/>болып табылады<br/>ма?<br/>1) толығымен<br/>жаңа;<br/>2) <u>ішінара жаңа</u><br/><u>(25-75% жаңа</u><br/><u>болып табылады)</u><br/>3) жаңа емес (25%<br/>кемі жаңа болып<br/>табылады)</p> | <p>Ұсынылған нұсқауларда А) пункті жаңа<br/>болып табылады. Себебі автор ғылыми-<br/>әдістемелік әдебиеттегі тұжырымдамаға<br/>теориялық сипаттама беру үшін,<br/>жаттығу үрдісін практикалық басқару<br/>үшін және волейболшылардың дене<br/>қасиеттерін дамыту мен жетілдіру<br/>бойынша жұмысты жоспарлау кезінде<br/>осы спорт түріндегі қимыл іс-әрекетін<br/>дәлірек айқындайтын «атлетикалық<br/>даярлық» терминін ғылыми айналымға<br/>енгізген жөн деп санайды.</p> |

|    |                           |  |  |
|----|---------------------------|--|--|
|    |                           |  | <p>Б) пункті –жана, себебі ізденуші ойыншылардың секіру қабілеті мен секіру төзімділігін дамыту және жетілдіру кезінде волейболшылардың кимыл іс-әрекетінің ерекшелігіне сәйкес жасалған плайометриялық әдісті жүргізудің негізгі қағидаларын сақтай отырып, 5-2 апталық макроцикл тәртібінде күш пен плайометриялық жаттығулардың кезектесуін үйлестіруді қажет ететін плайометриялық жаттығуды қолданған жөн деп есептейді</p> <p>В) пункті – жартылай жаңа, өйткені атлетикалық даярлықтың жылдық макроциклдегі жоспарын жасау кезінде жаттығу жүктемесін неғұрлым біркелкі бөлуге мүмкіндік беретін мезоциклдер бойынша жоспарлауды пайдалану қолайлы болады.</p> <p>Г) пункті жартылай жаңа – ізденуші командалардың атлетикалық даярлығын жалпы дене жүктемесі көлемін ұлғайту мен арнайы жүктеме көлемін азайтуға баса назар аудара отырып жоспарлау; жүктеме көлемінің артуы жылдық жүктеменің жалпы көлемінің жалпы дене даярлығы бойынша құрамдық бөліміне енеді, бұл волейболшылар атлетизмінің бүкіл спорт маусымы бойы неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p> <p>Д) пункттері – жартылай жаңа, себебі жарыс мезоциклінде ойын іс-қимылдарының қажетті тиімділігін қамтамасыз ету үшін жүктеме көлемінің нақты арақатысы болуы қажет.</p> |
| 10 | Жазу және рәсімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен; | Диссертация ғылыми мәнерде баяндалған. Ізденуші ойларының қисынды бірізділігі байқалады. Диссертация мәтіні автор келтірген дәлелді тұжырымдарына сай сипатталған.   |

**(PhD) философия докторы дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды:**

«Заманауи волейболдағы жылдық макроциклдің әртүрлі кезеңдерінде атлетикалық даярлықты жоспарлау ерекшеліктері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмыс «Ғылыми дәреже беру ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді, мазмұны мен рәсімделуі бойынша ішкі бірлігі мен тұтастығына және эксперименттік сипатқа ие, аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады, диссертация авторы Шанкулов Ерлан Тулеубаевич 6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Қорқыт-Ата атындағы Қызылорда университеті  
Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық  
кафедрасының п.ғ.к.,  
қауымдастырылған профессор м.а.

*Б.Х. Тютөбаев*  
Б.Х. Тютөбаев

*25.03.2022.*

